

ҚҰҚЫҚТЫҚ нормалар



Дәріскер:

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Турсынкулова Д.А.

- 1.Құқықтық норманың түсінігі.
- 2.Құқықтық норманың құрылымы.
- 3.Құқықтық норманың жіктелуі (түрлері).
- 4.Құқықтық норма мен нормативтік құқықтық акті бабының арақатынасы.

Құқықтық норма — мемлекет таныған, және оны өзі қамтамасыз ететін, қоғамдық қатынастарға араласып түсушілердің құқықтары мен міндеттерін туындататын, олардың әрекеттерін үлгі, эталон, масштаб, өлшем есебінде реттей алатын жалпыға бірдей міндетті ереже, норма.

Құқықтық норма — заңға сәйкес келетін мінез, жүріс-тұрыстың айырымдылық белгісін білдіреді. Осыдан құқықтық норма жария айқындылық, нақтылық мәнге ие болады. Оның өзі заң. Жөнмен көзделген істің шешімін табуға мүмкіндік береді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Мінез-құлық ережесі ретіндегі сипаттамасы

- Жалпылама сипаты бар
- Міндеттілік сипаты бар
- Мемлекеттен шығады
- Мемлекет қорғайды
- Микрожүйелілігі

Құқықтық нормалардың түрлері

реттейтін

тыйым
салатын

міндеттейтін

қорғайтын

көтермелейтін
(мадақтайтын)

құқықты
анықтайтын,
белгілейтін

ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



- ⌘ Құқықтық норманың гипотезасы (жорамалы) — құқықтық норманы қолдану (немесе қолданбау) үшін қажетті өмірдегі мән-жайлардың бар екенін көрсететін құқықтық норманың бөлігі. Гипотезаның көмегімен мінез-құлықтың қиялдағы нұсқасы өмірдегі жағдаймен, белгілі адаммен, мерзіммен және орынмен байланыстырылады. Былайша айтқанда, гипотеза құқықтық нормаға жан бітіреді.
- ⌘ Құқықтық норманың диспозициясы – құқықтық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлқы қандай болуы керек екенін анықтайтын құқықтық норманың бөлігі. Диспозиция — құқықтық норманың ұйтқысы, мазмұны, өзегі.
- ⌘ Құқықтық норманың санкциясы — құқықтық норманың диспозициясы бұзылған жағдайда қолданылатын жағымсыз шараны көрсететін құқықтық норманың бөлігі. Санкцияда мемлекет қандай іс-әрекеттерді, мінез-құлықты қолдамайтынын көрсетеді. Санкцияның түрлері: а) абсолютті-анық, б) баламалы, в) салыстырмалы.

ҚҰҚЫҚ ЖАСАУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Принциптері

Ғылымилық

Өмірлік
тәжірибемен
байланыстылық

Демократиялық

Әділдік

Адамгершілік,
ізгілік, имандылық

Ұлтаралық
ынтымақтастық

Құқық жасау
жолдары

Мемлекеттің құқық
жасау қызметі

Халықтың тікелей
құқық жасауы

Құқық жасау сатылары

Нормативтік акт
жобасын дайындау

Нормативтік акт
жобасын талқылау

Нормативтік актіні
кабылдау

Нормативтік актіні
басып шығару

- ⌘ Құқық нормасы өзінің білдірілудегі көрінісін нормативтік құқықтық актілер бабынан табады. Алайда құқық нормасы мен құқықтық нормативтік актінің бабы бара-бар емес. Көбінесе олар бірдей болмайды яғни үйлеспейді. Құқық нормасы жүріс-тұрыстың ережесі, ол жорамал диспозиция және санкциядан тұрады. Ал, нормативтік актінің бабы - құқық нормасын жүзеге асыратын құрал. Ол мемлекеттің ерік-ықтиярын білдірудің нысаны.
- ⌘ Құқық нормасы мазмұн бола тұра, оның нысаны ретінде көрінетін нормативтік акт бабымен түрлі-түрлі арақатыстылықта болады.

- ✂ Мазмұндау тәсілі бойынша құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатыстылығы (байланысы) үш нұсқада болуы ықтимал:
 - ✂ а) тікелей тәсіл - құқық нормасы нормативтік актінің бабында тікелей баяндалған жағдайда осы тәсіл орын алады.
 - ✂ ә) сілтеме тәсіл - нормативтік актінің бабы бүкіл норманы баяндамастан, осы нормативтік актінің басқа бабына сілтеме жасағанда осы тәсіл орын алады. Мысалы, ҚР Конституциясының 45-бабы 2 тармағы;
 - ✂ б) бланкеттік тәсіл - нормативтік актінің бабы норманы баяндамайды және нақты бапқа сілтеме жасамайды, оның орнына, қандай бір нормативтік актінің бүкіл бір түріне сілтеме жасай салғанда осы тәсіл орын алады. Мәселен, ҚР Конституциясының 6-бабы, 3 тармағы.